

“Астана Медицина Университеті” АҚ
Радиология кафедрасы

Презентация

ЖАҚ - БЕТ АЙМАҒЫНЫҢ АУРУЛАРЫНЫҢ МРТ ДИАГНОСТИКАСЫ

Орындаған: Юлдашев Б.И.
Қабылдаған: Божеева И.М.

Астана 2016

жоспар

- Жак бет аймағындағы ісік аурулары
- Рентгенограммада зерттеу әдісі
- Одонтогенді радикулярлы киста
- Одонтогенді емес киста
- Қатерсіз одонтогенді ісіктердің сәулелік диагностикасы.
- Қорытынды
- ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Жақ бет аймағындағы ісік аурулары

- Ісік ауруларынан жақ бет аймағында одонтогенді және одонтогенді емес киста, қатерсіз және қатерлі ісік кездеседі. Ісіктерді анықтауда рентгенологиялық зерттеу әдістері – интра және экстраоралды рентгенография, контрасты заттарды қолданып өткізілетін зерттеулер – сиалогграфия, гайморография, цистография, сызықтық, панорамды және компьютерлік томография, магниттік резонанстық томография, ультрадыбыстық және радионуклидті зерттеулер жасалады.

Рентгенограммада зерттеу әдісі

- Рентгенограммада- сүйекте дөңгелек немесе сопақша пішіндегі, өлшемі 2 см-ге дейін, шеті анық, тегіс немесе кедір-бұдырлы, тіс түбірімен байланысы жоқ деструкциялық ошақ анықталады. Киста ішінде 1-2 тістің конфигурациясы анықталса, ол тістер тіс қатарында болмайды және кистаның экспансивті өсуінен қатардағы басқа тістердің ығысуы байқалады. Жақ сүйегінің сыртқы тығыз қабығы жұқарады, сүйектің кернеуленуінен беттің деформациясы болуы мүмкін. Төменгі жақ бұрышында орналасқан кистаны амелобластомамен ажырату диагностикасын жасау қажет.

Одонтогенді радикулярлы киста

- Радикулярлы киста- метаплазияланған эпителий жасушасының пролиферациясынан келіп шығады. Балада 7- 12 жаста, төменгі жақтың азу тістері аймағында, ересектерде жоғарғы жақтың алдыңғы бөлімінде жиі кездеседі, өлшемі 1,5- 2 см, сыртқы қабығы фиброзды, ішкі шеті эпителиалды, қуыс ішінде холестеринге бай сұйықтық болады. Рентгенограммада сүйек ішінде дөңгелек немесе сопақша пішінді, шеті тегіс, анық деструкциялық ошақ түрінде көрінеді

Одонтогенді емес киста.

Жоғарғы жақтың шар тәріздес кистасы- рентгенограммада жоғарғы жақ күрек және сүйір (ит) тіс арасында орналасып, тіс аралық қалқаға жайылады, шеті тегіс, анық, сүйектің ошақты деструкциясы түрінде анықталады.

Қатерсіз одонтогенді ісіктердің сәулелік диагностикасы.

- Одонтома- тістің әр түрлі тіндерінен (эмаль, дентин, цемент, фиброзды тін, ұлпа) тұратын қатерсіз ісігі. Жиі 20- жасқа дейін кездесіп, баланың тіс шығуының кешігуіне шағымданып рентгенологиялық зерттеуден өткенде анықталады. Құрамды және күрделі одонтома түріне бөлінеді. Құрамды түрі жоғарғы жақта, құрылымында тістің барлық тіндері, ал күрделі түрі жиі төменгі жақта, құрылымында тістің толық қалыптаспаған тіндері және жұмсақ тіндер кездеседі.

Қатерсіз цементобластома-

- Қатерсіз цементобластома- төменгі кіші, үлкен азу тістер аймағында, 25- жасқа дейін кездеседі. Рентгенограммада тіс түбірінде дөңгелек пішінді, әркелкі, шеті анық түзіліс түрінде анықталады. Периодонталды қуыс көрінбейді.

Қатерсіз цементобластома

- Қатерсіз цементобластома- төменгі кіші, үлкен азу тістер аймағында, 25- жасқа дейін кездеседі. Рентгенограммада тіс түбірінде дөңгелек пішінді, әркелкі, шеті анық түзіліс түрінде анықталады. Периодонталды қуыс көрінбейді.

Жақ сүйектері метастаздық ісіктері-

- Жақ сүйектері метастаздық ісіктері- жиі төменгі жақтың азу тістері деңгейінде, шеті анық немесе анық емес деструкциялық ошақтар анықталады.

ҚОРЫТЫНДЫ

- Жақ-бет аймағының қатерсіз және қатерлі ісіктерін анықтауда сәулелік зерттеу әдісін таңдау, сәулелік белгілерін анықтау және ажырату диагностикасын жасау біршама қиындықтар туғызады. Жиі кездесетін ісіктердің сәулелік зерттеу әдістері өте тиімді әдіс. Жақ-бет аймағы ісіктерінің радионуклидті зерттеуі арқылы біріншілік ісіктік түзілісті, орналасқан орнының анатомиялық-топографиялық ерекшеліктерін нақтылау, метастаздарды, рецидив- қайталауды анықтау және ем нәтижесін бақылау мүмкін.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Васильев А.Ю. «Лучевая диагностика в стоматологии». – М.: ГЭОТАР – медиа, 2010. – 288с.
- 2 Велбери Ричард, Даггал Монти С, под редакцией Николаевой Т.А., Фоминой Д.А., «Детская стоматология». - ГЭОТАР – медиа, 2014.
- 3 Лучевая диагностика в стоматологии, Васильев А.Ю., Воробьев Ю.И., Серова Н.С. и др. DJVU. – 2008. - 176 с.
- 4 Лучевая диагностика, учебник Т1, под редакцией Г.Е.Труфанова. - 2011.